Бір халық - бір ел - бір тағдар.
Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасы - егеменді, тәуелсіз мемлекет. Қазақстан Еуразия орталығында орналасқан. Бас қала - Нұр-Сұлтан қаласы. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Қазақстанның ұлттық валютасы - теңге. Қазақстан президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Қазақстанда көп әр-түрлі ұлттар өмір сүреді. Қазақстанда он төрт облысы бар. Мен Ақмола облысы, Каменка ауылында тұрамын. Қазақстан - менің мақтанышым. Мен Отанымды сүйемін.
Бір шаңырақ астында қаншама ұлт өкілдері тату тәтті өмір сүріп жатыр. Бейбіт өмір пен ұлтаралық келісім Қазақстанның абыройына айналды. Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде қаншама ұйымдар, зауыттар мен мекемелер бой алды. Қазақстан бірнеше елдермен кеңесіп жүргізіп, шетелдік компаниялардың бөлімшелері, тіпті шетелдік оқу орындарының филиалдары ашылды. Бас қаламыз да көркейіп, жыл сайын көркейіп, дамып келеді.